

Е.С. Жұрынбаев* , Б.Б. Мейрбаев 

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: erlan.jurynbaev@gmail.com

АМЕРИКА МЕН ҚЫТАЙДЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫНДА ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІҢ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУ ЖОЛДАРЫ

Мақала АҚШ пен Қытайдың инвестициялық саясатын және оның ұлттық мүддесін қамтамасыз етуге әсерін жан-жақты талдауға бағытталған. Екі елдің стратегиялары мен басымдықтарындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарға ерекше назар аударылады. Зерттеудің мақсаты-АҚШ пен Қытайдың инвестициялық саясатының негізгі қағидаттарын зерттеу, инвестици арқылы ұлттық мүддені қамтамасыз ету жолдарын анықтау және екі елдің инвестициялық стратегияларындағы ықтимал өзгерістерді бағалау. Зерттеу инвестициялық саясаттың экономикалық өсу мен технологиялық дамуға, сондай-ақ жаһандану жағдайында ұлттық мүддені қамтамасыз етуге қалай әсер ететінін түсінуге ықпал етеді. Зерттеу барысында әдебиет көздерін талдау, салыстырмалы талдау, статистикалық деректерді талдау әдістері қолданылды. Зерттеу көрсеткендей, АҚШ жеке инвестиция мен инновацияны қолдауға бағытталған, ал Қытай стратегиялық маңызды салаларды дамыту үшін мемлекеттік инвестицияны белсенді пайдаланады. Екі ел де өздерінің стратегиялық экономикалық және саяси мақсаттарын көрсететін тікелей шетелдік инвестицияны тарту мен реттеудің әртүрлі әдістерін қолданады. Зерттеу жетекші елдердің инвестициялық саясатының тетіктерін, олардың стратегияларын және халықаралық экономикалық ортаға әсерін түсінуге ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері жетекші елдердің тәжірибесін ескере отырып, тиімді инвестициялық саясатты қалыптастыру үшін пайдаланылуы мүмкін және халықаралық инвестиция мен экономикалық саясат саласында негізделген шешімдер қабылдауға ықпал етеді.

Түйін сөздер: Инвестициялық саясат, ұлттық мүдделер, АҚШ, Қытай, экономика, тікелей шетелдік инвесторлар, стратегия.

Y.S. Jurynbayev*, B.B. Meirbayev

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: erlan.msk@mail.ru

Ways to ensure the national interest of America and China in investment policy

The article is aimed at a comprehensive analysis of the investment policy of the United States and China and its impact on ensuring national interests. Special attention is paid to the differences and similarities in the strategies and priorities of both countries. The purpose of the study is to study the basic principles of the investment policy of the United States and China, identify ways to ensure national interests through investments and assess possible changes in the investment strategies of both countries. The research contributes to understanding how investment policy affects economic growth and technological development, as well as ensuring national interests in the context of globalization. In the course of the study, methods of analyzing literary sources, comparative analysis, and analysis of statistical data were used. The study showed that the United States is focused on supporting private investment and innovation, while China actively uses public investment to develop strategically important industries. Both countries use different methods of attracting and regulating foreign direct investment, which reflect their strategic economic and political goals. The research contributes to understanding the mechanisms of investment policy of the leading countries, their strategies and their impact on the international economic environment. The results of the study can be used to form an effective investment policy, taking into account the experience of leading countries and to facilitate informed decision-making in the field of international investment and economic policy.

Key words: Investment policy, national interests, USA, China, economy, foreign direct investors, strategy.

Е.С. Джурынбаев*, Б.Б. Мейрбаев

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: erlan.msk@mail.ru

Пути обеспечения национальных интересов Америки и Китая в инвестиционной политике

Статья направлена на всесторонний анализ инвестиционной политики США и Китая и ее влияния на обеспечение национальных интересов. Особое внимание уделяется различиям и сходству в стратегиях и приоритетах обеих стран. Цель исследования – изучить основные принципы инвестиционной политики США и Китая, определить пути обеспечения национальных интересов посредством инвестиций и оценить возможные изменения в инвестиционных стратегиях обеих стран. Исследование способствует пониманию того, как инвестиционная политика влияет на экономический рост и технологическое развитие, а также на обеспечение национальных интересов в условиях глобализации. В ходе исследования были использованы методы анализа литературных источников, сравнительного анализа, анализа статистических данных. Исследование показало, что США нацелены на поддержку частных инвестиций и инноваций, а Китай активно использует государственные инвестиции для развития стратегически важных отраслей. Обе страны используют различные методы привлечения и регулирования прямых иностранных инвестиций, которые отражают их стратегические экономические и политические цели. Исследование способствует пониманию механизмов инвестиционной политики ведущих стран, их стратегий и влияния на международную экономическую среду. Результаты исследования могут быть использованы для формирования эффективной инвестиционной политики с учетом опыта ведущих стран и способствовать принятию обоснованных решений в области международных инвестиций и экономической политики.

Ключевые слова: Инвестиционная политика, национальные интересы, США, Китай, экономика, прямые иностранные инвесторы, стратегия.

Кіріспе

Қазіргі уақытта елдің экономикалық күші мен саяси ықпалы оның инвестициялық саясатты дамыту қабілетімен анықталады. Мемлекет қалыптастыратын инвестициялық саясат экономикалық өсуге әсер ететін негізгі тетіктердің бірі. Мемлекеттің инвестициялық саясатының мақсаты – инвестицияны тарту ауқымын ұлғайту, инвестициялық ахуалды жақсарту, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Инвестициялық саясатты зерттеу барысында әр елде оның өзіндік ерекшелігі бар екенін түсінген жөн. Бұл ретте түрлі авторлардың инвестициялық саясат жөніндегі пікірлерін білу маңызды.

О.Ю. Герасимованың пікірінше, инвестициялық саясаттың табыстылығын анықтайтын негізгі көрсеткіш – капиталға салынған инвестиция көлемі. Мұндай көрсеткіш, ең алдымен, өңірдің кәсіпкерлік қызметті дамытудағы әлеуетін сипаттайтындығымен маңызды (Наумкина, 2020: 535). Н. А. Баранцов инвестициялық саясатты қалыптастыруға негіз болатын қағидаттарды анықтады. Оларға кешенділік, жүйелілік, инвестициялық жобалар шеңберінде мақсат қою және міндеттерді шешудің басымдығы, тәуекелдің оңтайлылығы жатады (Баранцов, 2016: 1112). М.А. Хамурадов

атап өткендей, инвестициялық тартымдылық пен инвестициялық ахуал – инвестициялардың орындылығы туралы шешім қабылдауға негіз болатын негізгі факторлар. Ол тұрақты салық жүйесі жұмыс істейтін және мемлекет тарапынан шетелдік инвесторларға тиімді қолдау көрсетілетін елдерде қолайлы болып саналады. Сондай-ақ, жекелеген салалардағы бәсекелестіктің төмен деңгейі және олардың даму әлеуеті, ішкі нарықтардың жоғары сыйымдылығы, шикізат пен ресурстардың төмен бағасы және т. б. (Хамурадов, 2022: 391).

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Экономикасы дамыған елдердің ішінде Америка Құрама Штаттары мен Қытай Халық Республикасы өздерінің инвестицияға ерекше көзқарасымен ерекшеленеді. АҚШ пен Қытайдың инвестициялық саясатын, онда ұлттық мүдденің қамтамасыз етілу жолдарын білу қажет. Бұл тақырыптың өзектілігі жаһандық инвестицияның халықаралық қатынастарға, сауда мен экономикалық тұрақтылыққа ықпалының артуына байланысты. Америка мен Қытайдың инвестициялық стратегиясын зерттеу осы елдердің экономикалық саясатын қалыптастыратын негізгі факторларды

түсініп қана қоймай, сонымен қатар әлемдік экономикадағы ықтимал өзгерістерді болжауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты АҚШ пен Қытайдағы инвестициялық саясат арқылы ұлттық мүддесін қамтамасыз ету жолын кешенді талдау. Бұл елдер өздерінің инвестициялық саясатында қолданатын тәсіл, стратегия мен басымдықтағы айырмашылықтарға ерекше назар аударылады.

Зерттеудің мақсатына жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- АҚШ пен Қытайдың инвестициялық саясатының негізгі қағидаттары мен бағыттарын зерттеп, негізгі айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтау;

- Инвестициялық саясатта ұлттық мүдденің қамтамасыз ету жолдарын анықтау;

- Екі елдің инвестициялық саясатындағы ықтимал өзгерістерді бағалау.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

- Әдеби шолу. Зерттеудің негізі-АҚШ пен Қытайдың инвестициялық стратегияларына қатысты әдебиеттерді, мақалаларды, есептерді және зерттеулерді мұқият талдау. Бұл әдіс тарихи деректерді, экономикалық теорияларды, саясатты талдауды және халықаралық қатынастарды зерттеуді қамтиды.

- Салыстырмалы талдау. АҚШ пен Қытайдың инвестициялық тәсілдеріндегі айырмашылықтар мен ұқсастықтарды зерттеу үшін салыстырмалы талдауды қолдану. Бұл әдіс әр елдің бірегей ерекшеліктерін және олардың халықаралық экономикалық ортаға әсерін анықтауға мүмкіндік береді.

- Статистикалық деректерді талдау. Инвестициялық стратегияны сандық бағалау және салыстыру үшін шетелдік инвестиция көлемі, экономикалық көрсеткіштер және даму индекстері сияқты статистикалық деректерді пайдалану.

- Әр елдің ресми ұстанымы мен стратегиялық мақсатын түсіну үшін заңнамалық актілер, үкіметтік есептер және көшбасшылардың сөйлеген сөздері сияқты ресми саяси және экономикалық құжаттарды зерттеу.

- Инвестициялық саясаттағы өзгерістерді болжау үшін ағымдағы инвестициялық үрдістер туралы деректерді пайдалану.

Нәтижелер және талқылау

АҚШ пен Қытайдың инвестициялық саясатын салыстыру келесі бағыттарда жүргізілді:

- инвестициялық саясатта мемлекеттің рөлі;

- инвестиция бағыттары;

- инвестициялық саясатқа байланысты заңнама;

- тікелей шетел инвесторларын тарту;

- инвестициялық қызметті ынталандырудың нысандары мен әдістері;

- инвестицияны қолдау бағдарламалары.

Мемлекет инвестициялық саясатта инвестициялық ахуалды қалыптастыратын ережелер мен нормаларды белгілеу арқылы шешуші рөл атқарады. Сонымен қатар, үкімет тікелей мемлекеттік инвестиция және белгілі бір сала мен жобаны қолдау арқылы экономиканың негізгі секторына стратегиялық ықпал ете отырып, экономикалық өсу мен дамуды бағыттайды.

АҚШ инновация мен бәсекеге қабілеттілікті қолдай отырып, жеке инвестиция үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған. Американдық инвестициялық саясат нарықтық экономика қағидаттарына негізделген, мұнда жеке инвесторлар басты рөл атқарады, ал мемлекет реттеуші және ынталандырушы ретінде рөл атқарады. Негізгі бағыттарға инвестицияларды ынталандыру, зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және инновацияларды қолдау үшін салықтық жеңілдіктер кіреді. Соңғы онжылдықта жабық жоспарлы экономикадан ашық және нарыққа бағытталған экономикаға ауысқан Қытай әлі күнге дейін экономикаға және инвестициялық шешімге мемлекеттің қатысуын сақтайды. Қытайда Үкімет инвестиция бағытына, әсіресе стратегиялық салалар мен инфрақұрылымдық жобаларға белсенді қатысады және инвестицияны саяси және экономикалық мақсатқа жету құралы ретінде пайдаланады.

Инвестицияның бағыты, әдетте, кірісті ұлғайтуға және тәуекелдерді азайтуға деген ұмтылыспен анықталады, сонымен қатар экономикалық өсу, технологиялық даму және әлеуметтік әл-ауқат сияқты стратегиялық мақсатты ескереді. Мемлекеттер мен жеке инвесторлар дамуды ынталандыру және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін инфрақұрылым, технология, білім беру және денсаулық сақтау сияқты түрлі секторларға капиталды бағыттай алады. АҚШ-та ақпараттық тех-

нологиялар, биотехнология және жаңартылатын энергия сияқты жоғары технологиялық салаларды қолдауға баса назар аударылады. Үкімет стартаптар мен инновациялық компаниялар үшін қолайлы органы қамтамасыз етуге, сондай-ақ әртүрлі бағдарламалар мен бастамалар арқылы шетелдік инвестицияны тартуға тырысады. АҚШ-тағы Силикон алқабы инновация мен технология орталығы ретінде жоғары технологиялық стартаптарға жеке инвестицияны сәтті тартудың мысалы. Жасанды интеллект, биотехнология және ғарыштық технологиялар саласындағы жобалар көбінесе жеке инвестордан да, мемлекеттік бағдарламалардан да қолдау алады. Қытай инвестициясы, керісінше, инфрақұрылымды, энергетиканы және өндірісті дамытуға арналған жобаларға бағытталған. Қытайдың халықаралық ықпалын нығайтуға, соның ішінде «Бір белдеу, бір жол» жобасына және жаһандық сауда серіктестіктері желісін дамытуға бағытталған бастамаларға ерекше назар аударылады. Қытай ұсынған «Бір белдеу, бір жол» бастамасы-Қытайды Азияның, Еуропаның және Африканың басқа бөліктерімен байланыстыратын инфрақұрылымдық желіні құруға бағытталған. Бұл жоба Қытайға сауда және экономикалық байланыстарын кеңейтуге мүмкіндік беретін жолдар, теміржолдар, порттар және басқа инфрақұрылымдар салуды қамтиды. Жаңартылатын энергия, телекоммуникация (мысалы, 5G желілерін дамыту) және электроника сияқты секторларға мемлекет әлемдік нарықта өзінің технологиялық және экономикалық позицияларын нығайтуға ұмтыла отырып, осы салаларды қаржыландыру мен қолдауда шешуші рөл атқарады (Кичигина, 2021: 16).

Әр елде инвестициялық саясатты реттейтін заңнамалық құжаттар бар. Ол өз кезегінде құқықтық айқындық пен тұрақтылықты қамтамасыз етеді, құқықтық тәуекелдерді азайтады және инвестициялық үдеріске деген сенімділікті арттырады, экономиканың дамуына ықпал ететін және қаржылық теріс қылықтардың алдын алатын инвестицияның түрлеріне стандарттар мен шектеулер қояды. Айта кету керек, АҚШ-та шетелдік инвестицияларды басқару федералды және штаттық деңгейде жүзеге асырылады, осылайша федералды заң жалпы мәселелерді реттейді және нақты бұйрықтарды жергілікті өзін-өзі басқару органдары қалыптастырады. АҚШ-тың инвестициялық заңнамасында 2007 жылғы «Шетелдік инвестиция және Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заң орталық болып табылады, ол

шетелдік инвестордың құқығы мен міндетін анықтайды, инвесторды АҚШ экономикасының стратегиялық салаларына қабылдау үдерісін реттейді. Көптеген НҚА құрылған, олардың ережелері шетелдік инвестордың құқығын қорғауға бағытталған, бірақ шетелдік инвестицияны ынталандыруға бағытталған құжаттар жоқ.


Қытайдың инвестициялық заңнамасы жақсы дамыған. Бүгінгі таңда шетелдік инвестицияны ынталандыру саласындағы негізгі НҚА: 12.04.1986 жылғы «Шетелдік капитал кәсіпорындары туралы» ҚХР Заңы (шетелдік капитал кәсіпорындарына қатысушылардың құқықтары мен міндеттері туралы ережелерді қамтиды, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайды); 13.04.1988 жылғы «Қытай және шетелдік капиталдың бірлескен кооперациялық кәсіпорындары туралы» ҚХР Заңы (шетелдік капитал кәсіпорындарының құқықтары мен бірлескен кәсіпорынның және оның қатысушыларының мүдделері, бірлескен кәсіпорын құру тәртібі, шарт жасасу тәртібі және оған қатысушылардың міндеттері регламенттелген); ҚХР Мемлекеттік Кеңесінің 11.10.1986 жылғы шетелдік инвестицияны көтермелеу туралы ережесі (ережелер шетелдік инвестициялары бар кәсіпорындарға ерекше артықшылықтар береді).

Осылайша, Қытайдың инвестициялық заңнамасы қазіргі уақытта АҚШ-қа қарағанда әлдеқайда жақсы дамыған, бұл АҚШ-тың өзін тікелей шетелдік инвестицияның (ТШИ) ең ірі алушысы ретінде көрсетуімен түсіндірілуі мүмкін, ал Қытай оларды белсенді түрде тарту үшін әлі де шаралар қабылдауы керек (Эскерова, 2018: 69).

Тікелей шетелдік инвестор елдің инвестициялық саясатында маңызды рөл атқарады, өйткені ол экономикалық өсуге, технологиялық дамуға және жұмыс орындарын құруға айтарлықтай үлес қосады. Олардың белсенділігі капитал ағынына ғана емес, сонымен қатар білім беруге, басқару тәжірибесін жақсартуға және ұлттық экономиканың жаһандық дамуын күшейтуге ықпал етеді. Елде жүргізіліп жатқан инвестициялық саясат тиімділігінің басты көрсеткіштерінің бірі ел экономикасына тартылатын тікелей шетелдік инвесторлар көлемінің серпіні. АҚШ пен Қытай шетелдік инвестордың ұлттық экономиканың стратегиялық маңызды салаларына (энергетика, теледидар және байланыс, ауыл шаруашылығы, өндіруші өнеркәсіп және т.б.) қол жеткізуін

реттейді. Шектеулердің ең кең тізімі ҚХР-да ұсынылған. Американдық нарықта 100-ге жуық шет елдердің капиталы жұмыс істейді, алайда жетекші позициялар дамыған елдердің шағын тобының инвестицияларына тиесілі, олардың арасында Ұлыбритания, Жапония, Канада, Германия, Франция, Ирландия, Швейцария және Нидерланды бар. Тек осы 8 ел АҚШ экономикасына жинақталған ТШИ-нің 70% – дан астамын құрайды. АҚШ экономикасындағы ең ірі инвестор Ұлыбритания болып табылады, ол АҚШ экономикасына шетелдік капиталдың жалпы ағынының 15% құрайды. Екінші және үшінші маңызды инвесторлар Канада мен Жа-

пония болып табылады, олар сәйкесінше 13 және 12% құрайды. Шетелдік компаниялар тұрғысынан АҚШ экономикасының ең табысты салаларының қатарына қаржы және банк бизнесі жатады. Осы жерден американдық экономиканың қаржы секторына еуропалық капиталдың үлкен ағыны кездейсоқ емес (Чувахина, 2019: 142). Шетелдік инвестиция мен Қытайда тұратын азаматтар техникалық және ғылыми орталықтарды құру кезінде қолдау алады. Үкімет жаңа технологияларды дамытуға инвестиция салу маңызды ғана емес, сонымен қатар пайдалы болатын жағдайлар жасайды (Исмаилов, 2020: 45).



1-сурет – АҚШ пен Қытай ТШИ көлемі

Графиктің деректері ҚХР ТШИ өсуінің тұрақты динамикасын және АҚШ ТШИ амплитудалық динамикасын көрсетеді. 2021 жылы АҚШ ТШИ бойынша бірінші орынға шықты.

Инвестициялық қызметті ынталандырудың нысандары мен әдістері елдің экономикалық да-

муы үшін маңызды, өйткені ол, технологиялық жанаруға және жұмыс орындарын құруға ықпал етеді. Мұндай әдістерге салық жеңілдігі, мемлекеттік кепілдік, әкімшілік үдерістерді жеңілдету және негізгі инвестициялық жобаларға қаржылық қолдау көрсету кіреді.

1-кесте – АҚШ пен ҚХР-дағы инвестициялық қызметті ынталандырудың нысандары мен әдістері

АҚШ	ҚХР
Салық несиесі, салық демалысы	Салықтық преференциялар (кәсіпорындардың табыстарына салынатын салық, ҚҚС бойынша жеңілдіктер)
Кедендік әкелу және әкету баждарын төмендету	Қажетті жабдықты әкелу кезінде кедендік баждан босату
Несилер мен қарыздарға кепілдік беру	Мемлекеттік кепілдіктер
Кәсіпорын шығыстарын субсидиялау	Өндіріске қажетті шикізат пен жабдықты еркін импорттау құқығы
Инвестициялық жеңілдіктер	Бірқатар ауыр жергілікті төлемдерді жою
Инновациялық гранттар беру	Құрылысқа жерді жеңілдікпен беру
Экспортты мемлекеттік сақтандыру	Лицензиялау рәсімдерін жеңілдету
Жеделдетілген амортизацияны пайдалану мүмкіндіктері	Арнайы экономикалық аймақтарды құру

Инвестициялық саясатты қолдау бағдарламалары әртүрлі шаралар арқылы экономикалық өсу мен инновациялық дамуды ынталандыруға бағытталған. Олар ішкі және шетелдік инвестицияны тартуда, бизнес үшін қолайлы жағдайлар жасауда және экономикалық белсенділікті жеделдетуде маңызды рөл атқарады. АҚШ инвестицияны қолдау бойынша түрлі бағдарламаларды белсенді түрде жүзеге асыруда. Мұндай қолдаудың негізгі идеясы қызметтің басым салаларына, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар жобаларға (оның ішінде, атап айтқанда, шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі жобаларға) ынталандырушы жеңілдіктер беру жолымен, сондай-ақ гранттар және өзге де осыған ұқсас ынталандырушы төлемдер түріндегі тікелей мемлекеттік бірлесіп қаржыландыру жолымен инвестицияны бөледі (Таутиева, 2014: 313). АҚШ-қа тиімді инвестиция үшін арнайы бағдарламалар жасалады. Олардың ішінде Select USA және Startup America бар. АҚШ-тың инвестициялық үдерісінің маңызды аспектілерінің бірі трансұлттық корпорациялардың (ТҰК) тікелей шетелдік инвестицияны экспорттау жөніндегі белсенді қызметі. Америка Құрама Штаттары Apple, Exxon Mobile, Microsoft, IBM және басқалары сияқты ірі ТҰК-ларды шоғырландырады, бұл ТШИ экспортының құрылымы мен көлеміне айтарлықтай әсер етеді (Асланов, 2020: 21). Ал Қытайда жоғарыда аталып өткендей «Бір белдеу, бір жол» бастамасы инвестициялық саясатта маңызды рөл атқарады. Қытайдың стратегиялық мемлекеттік мақсаттарға бағытталған инвестициялық саясатының ең көрнекті мысалдарының бірі-оның Пәкістандағы «Бір белдеу, бір жол» бастамасының бөлігі болып табылатын жобасы. Қытай-Пәкістан экономикалық дәлізі (СРЕС)-Пәкістанда жаңа жолдар, теміржол желілері, энергетикалық жобалар мен порттар салуды қамтитын 60 миллиард доллардан астам жоба. Жоба Пәкістандағы Гвадар портын Қытайдың Шыңжаң аймағымен байланыстыруға бағытталған. СРЕС-тің негізгі мақсаты-Қытайға Таяу Шығыс пен Африкаға қысқа, экономикалық тұрғыдан тиімді жолды қамтамасыз ету, бұл оның сауда және экономикалық байланыстарын күшейтеді. Сонымен қатар, жоба Пәкістанға инфрақұрылымын жаңартуға және экономикалық жағдайын жақсартуға көмектеседі. СРЕС Қытайдың аймақтағы жағдайын нығайтады, оның ірі халықаралық инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру қабілетін көрсетеді.

Бұл сонымен қатар Қытайдың Орталық және Оңтүстік Азиядағы ықпалын кеңейту жөніндегі кең стратегиясының бөлігі. СРЕС шеңберінде мемлекеттік және жеке қытайлық компаниялардың белсенді қатысуы байқалады, бұл экономиканың негізгі салаларындағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің мысалы (Abid, 2015: 142).

АҚШ пен Қытайдың инвестициялық саясаты саласында әртүрлі ұйымдар мен ғылыми орталықтардың сарапшылары ұлттық мүддені қамтамасыз ету тәсілдерінің күрделілігі мен алуан түрлілігін көрсететін әртүрлі пікірлері бар. Американдық сарапшылардың арасында Бруклинг институтының қызметкері Дженнифер М. Харрис АҚШ пен Қытай арасындағы қарым-қатынаста өзара қарым-қатынас принципінің маңыздылығын атап көрсетеді. Ол АҚШ Конгресінде екі партияның қолдауымен кіретін қытайлық инвестицияларға АҚШ-тың қатаң көзқарасының қажеттілігін атап көрсетеді. Харрис 1974 жылғы сауда туралы Заңды өзара қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін қолдануды және АҚШ-тың шетелдік инвестициялар комитетінің (CFIUS) заңнамадағы қазіргі олқылықтарды жою үшін қадағалауын күшейтуді ұсынады.

Екінші жағынан, жақында Қытайда шетелдік инвестицияларды тартуға және іскерлік ортаны жақсартуға бағытталған 24 тармақты саясат жоспары ұсынылды. Алайда, Қытайдағы Еуропалық сауда палатасының бұрынғы президенті Йорг Вутткенің айтуынша, 2020 жылдан бастап шетелдік инвестициялар туралы Заң енгізілгеніне қарамастан, реттеуші кедергілер Қытайдағы шетелдік кәсіпорындардың тең қарым-қатынасына кедергі келтіруде. Бұл жоспар экономикалық көрсеткіштердің нашарлауы және халықаралық бизнестің Қытайдың инвестициялық ортасына деген сенімінің төмендеуі аясында қабылданды (Allison Lapehn, 2023).

Петерсон Халықаралық экономика институтының (PIIE) қызметкері Мартин Хорземпа Қытайдан АҚШ-қа салынған инвестициялар басқа елдердің инвестицияларына қарағанда мұқият қарастырылатынын көрсетеді. Бұл АҚШ-тың қытайлық технологиялық жаңалықтарына және олардың ұлттық қауіпсіздікке ықтимал әсеріне қатысты алаңдаушылығын көрсетеді.

АҚШ-тың Қытайдағы инвестицияларын шектейтін жаңа атқарушы бұйрық аясында Президент Байден әкімшілігі бұл шаралар экономикалық бәсекелестікті тежеуге емес,

ұлттық қауіпсіздікті қорғауға бағытталған деп мәлімдеді. Бұл АҚШ тың Қытайдың әскери күшін арттыру үшін американдық технологияны қолдану мүмкіндігіне қатысты алаңдаушылығын көрсетеді (Noah Berman, 2022). Джей Шамбо, АҚШ-тың қазынашылық хатшысы «АҚШ үшін біз Қытайдан ажыратуды немесе Қытайдың өсуін қандай да бір жолмен шектеуді мақсат етпейтіміз анық болуы маңызды» деп тұжырымдады. Бұл мәлімдеме қытайлық компанияларға қарсы нақты ұлттық қауіпсіздік шараларына қарамастан, сауда және инвестиция мәселелеріне неғұрлым ұстамды көзқарасты көрсетеді (Martin Chorzempa, 2022). Джейк Салливан, АҚШ-тың Ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі: «әкімшіліктің стратегиясы Вашингтон Қытайдан кеңінен ажыратуға ұмтылмаса да, Американың дамып келе жатқан жоғары технологиялық салалардағы бәсекелестік артықшылығын сақтауға бағытталған деп мәлімдеді» (Gaven Wade, 2023). Сонымен қатар, АҚШ Қаржы министрі Джанет Йеллен АҚШ пен Қытай арасындағы шиеленісті күшейтуі мүмкін түсініспеушіліктерді азайтудың маңыздылығын атап өтті. Ол сондай-ақ АҚШ-тың санкциялар, инвестициялар, өнеркәсіптік субсидиялар және ұлттық қауіпсіздік сияқты салалардағы ниеттерін «нақты қарым-қатынас жасау міндеттемесін» қолдау үшін 2024 жылы Қытайға екінші рет баратынын хабарлады (Jennifer Harris, 2017).

АҚШ пен Қытайдың инвестициялық саясат бойынша өзіндік ерекшеліктері бар. Екі елдің инвестициялық саясаты жаһандық экономикаға айтарлықтай әсер етеді. Американдық инвестиция көбінесе жаһандық инновацияны және халықаралық сауданы дамытуды ынталандыруға бағытталған, ал қытайлық инвестициялықпал ету саласын кеңейтуге және ресурстар мен нарықтарға қол жеткізуге көбірек көңіл бөледі. Мысалы, 2008 жылғы қаржылық дағдарыс кезінде Америка Құрама Штаттары жаһандық экономикалық жүйені тұрақтандыруда шешуші рөл атқарды. АҚШ-тың Федералды резервтік жүйесі (Федрезерв) американдық және әлемдік қаржы секторында өтімділік пен тұрақтылықты сақтау үшін бірқатар шараларды, соның ішінде сандық жеңілдету және пайыздық мөлшерлемені төмендету бағдарламаларын қабылдады. Қытай Африкадағы инфрақұрылым құрылысына және басқа жобаларға белсенді инвестиция салуда (Doug Palmer, 2023). Бұл инвестициялар көптеген Африка елдеріне экономикалық өсу мен даму-

ды жеделдетуге көмектесті. Алайда, сонымен бірге, бұл кейбір елдердің Қытай алдындағы қарыз жүктемесінің артуына әкеліп соқтырды, бұл қытайлық қаржыландыруға тәуелділік туралы алаңдаушылық туғызды. Екі елдің инвестициялық стратегиясы да айтарлықтай экологиялық және әлеуметтік әсерге ие. Мысалы, Қытайдың инфрақұрылымдық жобаларға, әсіресе энергетика саласына баса назар аударуы оң және теріс экологиялық салдарға әкелуі мүмкін. АҚШ соңғы жылдары климаттың өзгеруіне қарсы жаһандық күш-жігерге ықпал ететін «жасыл» технологияларға инвестиция салуға көбірек көңіл бөлуде. АҚШ та, Қытай да экономикалық ықпал мен инвестиция арқылы халықаралық позициясын нығайтуға тырысады. Екі ел де инфрақұрылым мен технологиялық прогреске инвестиция салудың маңыздылығын экономикалық өсу мен бәсекеге қабілеттіліктің кілті ретінде мойындайды. АҚШ пен Қытай климаттың өзгеруі және тұрақты даму сияқты жаһандық мәселелерді шешуге қатысады, бірақ бұл үшін әртүрлі тәсілдер қолданылады.

АҚШ пен Қытайдың инвестициялық саясатындағы ерекшеліктеріне сүйене отырып, инвестициялық саясатта ұлттық мүдденің қамтамасыз ету жолдарын анықтауға болады. Елдің ұлттық мүддесі-оның қауіпсіздігін, экономикалық өркендеуін және геосаяси ықпалын қамтамасыз етуге бағытталған кешенді мақсат.

АҚШ пен Қытай инвестициялық саясатта ұлттық мүддені қамтамасыз етуді бірегей саяси және экономикалық жүйелерін көрсететін көптеген жолдармен жасайды. Бұл елдерде инвестициялық саясат арқылы ұлттық мүддені қамтамасыз ету жолдарының өзіндік ерекшеліктері бар:

Бұл жолдар екі елдің инвестициялық саясат саласындағы әртүрлі стратегиялары мен басымдықтарын көрсетеді, мұнда Қытай мемлекеттік басқару мен жаһандық экспансияға назар аударады, ал АҚШ инновацияны қолдауға және жеке секторды дамытуға баса назар аударады.

Инвестицияны салу кезінде Қытайдың қоятын талаптары. Қытайдағы инвестицияларды құқықтық реттеудегі ерекшеліктердің бірі инвестициялар санаттарын бөлу, соған сәйкес экономиканың жекелеген салаларына инвестициялау мүмкіндігі мен шарттары анықталады және елдің ұлттық мүддесі сақталады:

2-кесте – АҚШ пен Қытайта инвестициялық саясатта ұлттық мүддені қамтамасыз ету жолдары

Қытай	АҚШ
<i>Стратегиялық мемлекеттік реттеу</i> Экономикалық өсуді жеделдету және жаңғырту мақсатында энергетика, инфрақұрылым және технология сияқты стратегиялық маңызды салаларға инвестицияны орталықтандырылған реттеу	<i>Инновациялар мен технологиялық дамуды қолдау:</i> Инновациялардағы жаһандық көшбасшылықты қолдау үшін АТ, биотехнология және жаңартылатын энергия көздері, технологиялық салаларға инвестицияларға назар аудару
<i>«Бір белдеу, бір жол» бастамасы</i> Халықаралық ықпалды кеңейту және Қытайдан тыс ресурстар мен нарықтарға қол жеткізу үшін жаһандық инфрақұрылымдық желіні дамыту	Экономикалық байланыстарды нығайту және әлемдік нарықтарға қол жеткізу үшін екіжақты және көпжақты сауда келісімдері арқылы еркін сауда мен инвестицияны ілгерілету
<i>Ішкі нарықты дамыту</i> Ішкі сұранысты ынталандыру және сыртқы нарықтарға тәуелділікті азайту үшін ішкі тұтыну нарығына және жергілікті инновацияларға инвестиция	<i>Жеке секторды ынталандыру:</i> Экономикалық өсу мен инновацияларды ілгерілету үшін жеке инвестициялар үшін қолайлы жағдайлар жасау

- Көтермеленгендер. Осы санаттағы шетелдік инвестициялар кейбір жабдықтарды бажсыз импорттаудан және басқа да осындай ынталандыру шараларынан пайда көреді. Бұл санатқа 349 сала кіреді.

- Шектеулі. Осы салаларға инвестициялар әртүрлі шектеулерге ұшырайды және келісуді талап етеді. Бұл санатқа 38 сектор кіреді, бірақ қолданыстағы шектеулер бойынша Қытайдың Орталық және батыс аймақтарында жеңілдіктер болуы немесе алынып тасталуы мүмкін.

- Тыйым салынған. Шетелдік инвестициялар үшін әуе көлігін бақылау, пошта қызметтері, құқықтық мәселелер бойынша кеңес беру қызметтері және басқа да бірқатар салалар жабылды.

- Рұқсат етілген. Аталған санаттардың ешқайсысына енгізілмеген инвестициялар жалпы ереже бойынша рұқсат етілген болып саналады. Қытайдағы жеке қаражат тек рұқсат етілген инвесторлардан тартылуы керек. Әрбір нақты инвестор жеке қорға кемінде 1 миллион юань салуы керек. Қытайда білікті инвестор болу үшін адамдар немесе ұйымдар инвестициялық тәуекелдерді анықтау және қабылдау қабілетіне ие болуы керек және белгілі бір таза құн немесе кіріс талаптарына сай болуы керек.

Қытай келесі салаларға инвестицияларды ынталандырады: жоғары технологиялар, жабдықтар немесе жаңа материалдар өндірісі, қызмет көрсету саласы, қайта өңдеу, жаңартылатын энергияны пайдалану және қоршаған ортаны қорғау. Сонымен қатар, Қытай отандық фирмаларды жаһандық бәсекеге қабілетті трансұлттық корпорацияларға, сондай-

ақ тарихи түрде мемлекеттік монополиялар қалыптасқан салаларға айналдыруға ұмтылатын негізгі салаларға шетелдік инвестицияларға шектеу қояды. Сонымен қатар, Үкімет ресурстарды көп қажет ететін және қоршаған ортаны қатты ластайтын салаларға шетелдік инвестицияларды шектеуді жоспарлап отыр.

Қытайдың жаһандық «Бір белдеу, бір жол» бастамасы бүкіл әлем бойынша 21 мыңға жуық инфрақұрылымдық жобаларды қолдайды және қаржыландырады. Пекин соңғы он жылда табысы төмен және орташа елдерге көпірлер, порттар мен автомобиль жолдарын салуға 1,2 триллион еуродан астам несие берді. AidData есебіне сәйкес, Қытайдың дамушы елдерге берген несиелерінің 80% – ы қаржылық жағдайы қиын мемлекеттерге тиесілі. Өтелмеген қарыздың жалпы сомасы кем дегенде 1,1 триллион долларды құрайды. Қытай төлемдерді кешіктіргені үшін айыппұл ретінде пайыздық мөлшерлемені екі еседен астам арттырды – үш пайыздан 8,7 пайызға дейін. Қытай дамушы елдерге несие бере бастаған кезде, жобалардың 20% азы кепілмен қамтамасыз етілді. Бүгінде олардың үлесі 65% асады. Дүниежүзілік Банктің осы жылдың басында жарияланған есебінде Қытай «Бір белдеу, бір жол» бастамасына қатысушы елдерді құтқару үшін миллиардтаған несие бөлуге мәжбүр болғандығы айтылған. Дүниежүзілік банк есептегендей, Қытай алдындағы ең үлкен қарызы бар елдер негізінен Африкада орналасқан, бірақ оларды Орталық Азияда, Оңтүстік-Шығыс Азияда және Тынық мұхиты аймағында да табуға болады. Қытай бүкіл әлем бойынша порттардың, теміржолдардың және

жер үсті инфрақұрылымының құрылысын қаржыландырды. Қазіргі уақытта Қытайға қарыз мемлекеттердің қатарына: Пәкістан, Ангола, Эфиопия, Кения және Шри-Ланка. Шри-Ланка Қытайдың құрылысына байланысты қарызын өтеу қиындықтарына тап болғаннан кейін Хамбантога портын 99 жылға Қытайға жалға берді. Бұл шешім қарызды басқару үшін елдің стратегиялық активтерін пайдаланудың кеңінен талқыланған мысалы болды. Тәжікстан да өзінің инфрақұрылымдық жобаларын Қытайға «жалға» беруде. Эксимбанк 2014 жылы елдің орталығы мен оңтүстігін байланыстыратын Вахдат-Яван теміржолының құрылысын аяқтау үшін несиені беруге келісті. Қытайлық несиелер әдетте көлік инфрақұрылымын немесе энергетикалық жобаларды салу немесе күрделі жөндеу үшін бөлінеді. Жұмыстарды көбінесе қытай компаниялары орындайды. Келісімшартты қытайлық компания-China Road and Bridge Corporation инжинирингтік компаниясы алды. Компания Тәжікстанда жалпы сомасы 779 миллион долларға 728 шақырым жол салды.

Пекин жыл сайын табысы төмен және орташа елдерге несиені беру үшін шамамен 80 миллиард доллар жұмсаса, Америка Құрама Штаттары Қытайды осы салада асып түсуге тырысуда. Вашингтон жыл сайын дамушы елдерді қаржыландыруға шамамен 60 миллиард доллар жұмсайды. АҚШ Шри-Ланкадағы Коломбо портында қараша айының басында жарияланған жарты миллиард долларлық терең теңіз контейнерлік терминалының жоспарланған құрылысы соған мысал.

АҚШ-тың шетелдік инвестициялар комитеті (CFIUS) шетелдік инвестицияларды ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретінін бағалайтын ведомствоаралық топ. CFIUS АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін мәмілелердегі өзгерістерді қарауға, бұғаттауға немесе талап етуге құқылы. АҚШ кірісі кем дегенде жартысы кванттық есептеулермен, жасанды интеллект (AI) дамуымен және озық жартылай өткізгіштермен байланысты жоғары технологиялық қытайлық компанияларға тікелей инвестицияларды шектеу туралы жарлық дайындады.

Осылайша, АҚШ пен Қытайдың инвестициялық стратегиясы олардың ұлттық мүддесін ілгерілетуде шешуші рөл атқарады, бірақ олар мұны әртүрлі жолдармен жасайды. Бұл айырмашылықтарды түсіну болашақ әлемдік экономикалық және саяси тенденцияларды болжау үшін өте маңызды.

Соңғы жылдардағы мәліметтерге сүйене отырып, екі елдің 2024 жылдағы инвестициялық саясатындағы ықтимал өзгерістерді келесі түрде болжауға болады:

АҚШ:

1.Технологиялық инновацияларға инвестицияны күшейту.

2024 жылы АҚШ жасанды интеллект және кванттық есептеу сияқты салаларға инвестицияны күшейтеді деп күтілуде. Бұл халықаралық деңгейде технологиялық көшбасшылық пен бәсекеге қабілеттілікті сақтау стратегиясының бөлігі болады.

2.Инфрақұрылымдық жобаларға назар аудару.

Ішкі саясат шеңберінде экономикалық өсуге және жұмыс орындарын құруға ықпал ететін көлік желілері мен энергетикалық жүйелерді, инфрақұрылымға инвестицияны ұлғаюын күтуге болады.

Қытай:

1.Жаһандық инфрақұрылымдық бастамаларды кеңейту.

Қытай Азия, Африка және Еуропада инфрақұрылым салуға назар аудара отырып, «Бір белдеу, бір жол» бастамасының белсенді дамуын жалғастырады деп болжануда, бұл оның халықаралық ықпалы мен сауда байланыстарын нығайтады.

2. Жоғары технологиялар саласына инвестициялар:

Қытай жасанды интеллект, 5G және жаңартылатын энергия көздері сияқты салаларға инвестицияларын күшейтеді деп күтілуде, бұл оның негізгі технологиялық салаларда көшбасшы болуға ұмтылуына ықпал етеді.

Қорытынды

Америка Құрама Штаттары мен Қытай Халық Республикасындағы инвестициялық саясаты дамыған елдердің қатарында. Әлемдік экономиканың негізгін қалайтын бұл елдер өздерінің экономикалық өсуін, технологиялық жетістіктерін және ұлттық мүддесін қамтамасыз ету үшін стратегиялық шаралар қабылдауда, бұл тікелей шетелдік инвестицияларды басқаруға байланысты. АҚШ пен Қытай шетелдік инвестициялардың бақыланбайтын ағыны ұлттық мүддеге, экономикаға және отандық өнеркәсіпке қауіп төндіруі мүмкін екенін түсінеді. АҚШ жағдайында маңызды инфрақұрылымды қорғауға ерекше назар аударылады және жасанды интеллект саласы

құпия сақталып, қорғалады. Қытай үшін басты басымдық тұрақты экономикалық даму мен технологиялық жаңаруды қолдау, сондай-ақ экономиканың негізгі салаларын шетелдік ықпалдан қорғау. Шетелдік инвестициялардан ұлттық мүддені қорғау экономикалық өсуге ықпал ететін шетелдік капиталды тарту мен қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету арасындағы тепе-теңдікті білдіреді.

Қорытындылай келе, АҚШ пен Қытай жаһандық экономикалық өзара әрекеттесудің

күрделілігі мен ықтимал тәуекелдерін мойындай отырып, өздерінің ұлттық мүддесін қорғау үшін стратегияларды әзірлейді. Бұл олардың экономикалық және саяси тұрақтылығын нығайтуға ғана емес, сонымен қатар жаһандық экономикалық ортаға айтарлықтай әсер етеді. Мұндай саясат қауіпсіздік пен сыртқы экономикалық саясатпен қатар жүретін халықаралық экономикалық қатынастардың өзгеретін жағдайларына қажетті іс-әрекет екенін түсіну маңызды.

Әдебиеттер

- Асланов Р. Х. Особенности инвестиционной политики в США //Вестник молодых ученых Самарского государственного экономического университета. – 2020. – №. 1. – С. 21-23.
- Баранцов Н.А. Теоретические аспекты региональной инвестиционной политики // Молодой ученый. 2016. №12 (116). С. 1112-1115.
- Исмаилов А. А. Инвестиционная политика Китая //Вестник молодых ученых Самарского государственного экономического университета. – 2020. – №. 1. – С. 45-47.
- Кичигина И. М. Один пояс-один путь: северные амбиции Китая или Ледяной шелковый путь //Российско-китайские исследования. – 2021. – Т. 5. – №. 1. – С. 16-24.
- Наумкина Т. В., Герасимова О. Ю. Сущность и значение инвестиционной политики в развитии территории //Актуальные проблемы развития экономики и управления в современных условиях. – 2020. – С. 535-547.
- Таутиева И. А., Пагиева С. О., Тадтаева А. В. Инвестиционная политика США //Проблемы экономики, организации и управления в России и мире. – 2014. – С. 313.
- Хамурадов М. А., Керимов А. Ж., Давлатбиева Х. С. А. Инвестиционная политика как фактор социально-экономического развития государства //Экономика и бизнес: теория и практика. – 2022. – №. 4-2. – С. 191-193.
- Чухахина Л. Г. Особенности глобальной инвестиционной политики: современные тенденции и перспективы //Вестник Астраханского государственного технического университета. Серия: Экономика. – 2019. – №. 2. – С. 142-148.
- Эскерова Т. А. и др. Сравнительный анализ инвестиционной политики США и КНР //Актуальные проблемы и перспективы развития экономики: российский и зарубежный опыт. – 2018. – №. 18. – С. 69-73.

References

- Abid, M., Ashfaq, A. (2015) CPEC: Challenges and opportunities for Pakistan. *Journal of Pakistan Vision*, 16(2), 142-169.
- Aslanov R. H. (2020) Osobennosti investicionnoj politiki v SShA [Features of investment policy in the United States]. *Vestnik molodyh uchenyh Samarskogo gosudarstvennogo jekonomicheskogo universiteta*, 1, 1-23. (in Russian)
- Barancov N.A. (2016) Teoreticheskie aspekty regional'noj investicionnoj politiki [Theoretical aspects of regional investment policy]. *Molodoy uchenyj*, 12 (116), 1112-1115. (in Russian)
- Allison Lapahn (2023) China's 24-Point Strategy to Attract Foreign Investment: Too Little, Too Late? <https://thediplomat.com/2023/08/chinas-24-point-strategy-to-attract-foreign-investment-too-little-too-late/> [Қаралған уақыты: 06.01.2024].
- Chuhahina L. G. (2019). Osobennosti global'noj investicionnoj politiki: sovremennye tendencii i perspektivy [Features of global investment policy: current trends and prospects]. *Vestnik Astrahanskogo gosudarstvennogo tehničeskogo universiteta. Serija: Jekonomika*, 2, 142-148. (in Russian)
- Hamuradov M. A., Kerimov A. Zh., Davlatbieva H. S. A. (2022). Investicionnaja politika kak faktor social'no-jekonomicheskogo razvitija gosudarstva [Investment policy as a factor of socio-economic development of the state]. *Jekonomika i biznes: teorija i praktika*, 4-2, 191-193. (in Russian)
- Ismailov A. A. (2020). Investicionnaja politika Kitaja [China's Investment Policy]. *Vestnik molodyh uchenyh Samarskogo gosudarstvennogo jekonomicheskogo universiteta*, 1, 45-47. (in Russian)
- Jeskerova T. A. (2018). Sravnitel'nyj analiz investicionnoj politiki SShA i KNR [Comparative analysis of the investment policy of the USA and China]. *Aktual'nye problemy i perspektivy razvitija jekonomiki: rossijskij i zarubezhnyj opyt*, 18, 69-73. (in Russian)
- Kichigina I. M. (2021). Odin pojas-odin put': severnye ambicii Kitaja ili Ledjanoj shelkovyj put' [One Belt, One Road: China's Northern Ambitions or the Icy Silk Road]. *Rossijsko-kitajskie issledovaniya*, 5(1), 16-24. (in Russian)
- Naumkina T. V., Gerasimova O. Ju. (2020). Sushhnost' i znachenie investicionnoj politiki v razvitii territorii [The essence and importance of investment policy in the development of the territory]. *Aktual'nye problemy razvitija jekonomiki i upravlenija v sovremennyh uslovijah*, 535-547. (in Russian)

Noah Berman (2023) President Biden Has Banned Some U.S. Investment in China. Here's What to Know. <https://www.cfr.org/in-brief/president-biden-has-banned-some-us-investment-china-heres-what-know> [Қаралған уақыты: 10.01.2024].

Tautieva I. A., Pagieva S. O., Tadtueva A. V. (2014). Investicionnaja politika SShA [US Investment Policy]. Problemy jekonomiki, organizacii i upravlenija v Rossii i mire, 313. (in Russian)

Martin Chorzempa (2022) The United States scrutinizes investments involving China more than any other country. <https://www.piie.com/research/piie-charts/united-states-scrutinizes-investments-involving-china-more-any-other-country> [Қаралған уақыты: 13.01.2024].

Gaven Bade (2023) White House nears unprecedented action on U.S. investment in China. <https://www.politico.com/news/2023/04/18/biden-china-trade-00092421> [Қаралған уақыты: 14.01.2024].

Jennifer Harris (2017) Writing New Rules for the U.S.-China Investment Relationship. <https://www.cfr.org/report/writing-new-rules-us-china-investment-relationship> [Қаралған уақыты: 10.01.2024].

Doug Palmer (2023) Yellen outlines strategy to minimize drama with China in 2024. <https://www.politico.com/news/2023/12/14/janet-yellen-china-relations-00131739> [Қаралған уақыты: 06.01.2024].

Авторлар туралы мәліметтер:

Жұрынбаев Ерлан – докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
Мейрамбаев Бекжан Б. – философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Information about authors:

Yerlan Zhuryrbayev – Doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
Bekzhan B. Meirbayev – Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Алынды 20 қараша, 2023 ж.
Екінші жүктеп салу 8 ақпан, 2024 ж.
Қабылданды 5 наурыз, 2024 ж.